



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ



www.mmkg.kz

Мұнайлы өлке

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

mmgpress

mangistaumunaigaz_jsc

№12 (146), желтоқсан, 2021 жыл

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ



Жаңа жыл
құтты болсын!

Құрметті әріптестер!

2021 жылды қорытындылап, жаңа 2022 жылға аяқ басқалы тұрмыз. Ескі жыл есіркеп, жаңа жыл жарылқасын баршамызды!

Өткен жылға өкпеміз жоқ, біраз тындырымды істер атқарылды. Ұжымның ұтымды ұсыныстары мен табанды еңбегінің арқасында жылды табысты аяқтап отырмыз. Компания алдына қойылған өндірістік межелер толығымен орындалып, ***** тонна мұнай өндірілді.

Қызметкерлер алдындағы әлеуметтік міндеттемелеріміз де толық қанды жүзеге асырылды. Мұнайшыларға еңбегінің өтеуі ретінде төленетін негізгі жалақысынан бөлек Ұжымдық шарт негізінде тағы 10 млрд. теңгеге жуық қаражат 2021 жылдың өндірістік көрсеткіштерін орындағаны үшін сыйлықақы ретінде; Наурыз, Конституция күні, Тәуелсіздік күні секілді мерейлі мерекелерге сыйлықақы

ретінде және жыл сайынғы еңбек демалысы кезінде денсаулығын түзетуге арналған бір айлық жалақысы көлеміндегі төлем ретінде жұмсалды.

Мұнайшылардың кенорындарындағы тұрмыстық жағдайы да басты назарда. Өтіп бара жатқан 2021 жылы Қаламқас кенорнында екі жатақхананы күрделі жөндеуден өткізіп, қайта жабдықтау үстіндеміз. Елу адамға арналған модульдік жатақхана құрылысы қазір жүріп жатыр. Вахталық поселкеде орналасқан №3 асхана күрделі жөндеуден шығып, қолдануға берілді. Бұдан бөлек, жыл басында пайдалануға берілген жаңа зертхана мен 75 төсек орынға арналған жаңа асханамыз тағы бар. Келесі 2022 жылы тағы 5 жатақхананы күрделі жөндеп, қайта жабдықтауды жоспарлап қойдық.

Жетібай кенорнында да осындай жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді. Соңғы үш жылда Асар вахталық поселкесінде 190 адамға арналған үш жатақхана салынып, пайдалануға

берілді. Асханалар жұмысы жетілдіріліп жатыр. Медициналық қызмет көрсету саласы бойынша да өзгерістер енгізу мәселесі күн тәртібінде тұр. Осы жұмыстардың қай-қайсысы да қарапайым еңбек адамы – құрыш қол мұнайшының мүддесі үшін ғана жасалып жатыр. Алдағы уақытта қызметкерлеріміздің тұрмысын жайландырып, еңбек өнімділігін арттыруға септік ететін амал-шараларды үдететін боламыз. Бұл – Компания басымдылық берген бағыттардың бірі.

Құрметті әріптестер!

Жаңа жыл баршамызға құтты болсын! Келер жылы ұжым болып ұйысып тындыратын тыңғылықты ісіміз көп болсын. Еңбектеріңе жеміс, отбасыларыңа амандық, елімізге тыныштық тілейміз!

Құрметпен,

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫ

Мұнайшылар ықыласқа риза



Биыл Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл, Маңғыстау мұнайына 60 жыл!

Атаулы мерекеге орай 14 желтоқсан күні Нұр-Сұлтан қаласында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қаламқас кен орнында көп жыл еңбек етіп, Маңғыстау өңірінің мұнай өнеркәсібін, экономикасын дамытуға және қалыптастыруға қосқан еңбегі

үшін және белсенді қоғамдық қызметі үшін ардагер-мұнайшымыз Өрен Сағындықов ағамыз «Құрмет» орденімен марапатталды.

Сонымен қатар мерекеге орай Маңғыстау облысына жұмыс сапармен келген Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының атынан еліміздің және өңірдің дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар маңғыстаулықтарға мемлекеттік наградалар тапсырды.

Марапат алғандардың алғашқы легінде «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасының басшысы Нұрпейіс Сәрсенбай жоғары мемлекеттік награда - «Құрмет»

орденімен, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Бақтыкерей Дүсіпов «Шапағат» медалімен марапатталды. Айта кетерлігі, Бақтыкерей Алтынбайұлына мерекеге орай «Қарақия ауданының құрметті азаматы» атағы да табысталғанын қуана хабарлаймыз. Сонымен қатар мұнай-газ саласының



ардагері Бақтығали Жаңабаевқа «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісі тағылса, Компаниямыздың жұртшылықпен байланыс бөлімінің бұрынғы бастығы, зейнеткеріміз Майра Гумароваға «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік төсбелгісі тағылды. Бұл марапаттар мұнайшыларымыздың көп жылғы адал еңбектері үшін берілген баға, ҚР мұнай-газ саласын дамытуға қосқан зор үлестерін мойындау болып табылады. Марапаттарыңыз құтты болсын әріптестер!

Мұнайшылар Омар Жәлелұлымен кездесті

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар жоспары аясында филология ғылымдарының кандидаты, абайтанушы Омар Жәлелұлының Жетібай, Қаламқас кенорындарында «Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең – істің бәрі бос» тақырыбында шығармашылық кездесуі өтті.



Омар Жәлелұлы оқырман қауымға «Харекет», «Жақсы», «Махаббатсыз дүние - дос» атты кітаптарымен танымал. Автор өз шығармаларында еңбек құндылығы, үздіксіз даму, қазақ дәстүрлері мен олардың тұлғалық дамуға деген оң ықпалы секілді өзекті тақырыптарды талқылайды. Кітаптар негізінен Абай, Шәкерім, Мәшһүр Жүсіп, Шал ақын сынды қазақ әдебиеті ғұламаларының шығармала-рынан бастау алып, сол кездегі қазақ қоғамының дамуына арқау болған мәселелермен өрбиді.

Мұнайшылармен өткен кездесу-лердің де тақырыбы осы бағытта қойылып, ұлт ұстазы Абай Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» өлеңімен үндестіріліп «Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең – істің бәрі бос» деп қойылып, қоғам тыныштығы, ынтымақтастық, еңбек-сүйгіштік желісімен тарқатылды.

Кездесулер бірінен соң бірі Жетібай және Қаламқас кенорында өтті. Абайтану ғана емес қазақ руханияты және онымен біте қайнасқан ұлттық идеология мәселесіне де аса дем беріп, пікір білдіріп жүрген Омар Жәлелұлы мұнайшылармен кездесуінде адамды еңбек етуге жігерлендіретін, адами болмысын, ар мен абыройын сақтап қалудың жолында бағыт-бағдар беретін

хакім Абай қағидаларына негізделген тұщымды ойларымен бөлісті. Оның айтуынша адам және қоғам дамуы үшін олар үнемі қозғалыс үстінде, ізденіс үстінде болуы керек. Бір күнің бір күніне ұқсамауы керек. Сенің бүгінгі болмысың кешегі болмысыңнан жақсырақ болуы керек. Сонда ғана адам баласы жан мен тән қажеттіліктерін толық қамтамасыз етуге жол аша бастайды. Керісінше болған жағдайда, қоғам ішінде кері кету процесстері басталмақ.

Осы пікір қазіргі кезде «сәтті бизнес философиясы» деп аталып жүр. Ал Абай мен Шәкерім шығармаларында бұл мәселелер әлде қашан айтылып кеткен. Мысалға, Шәкерімнің «Мал жимақ» өлеңіндегі «Үйде отырып салғанмен сары уайым, тілегенің тұра ма саған дайын. Жүріп-тұрып, ойланып істеп көрсең, харекеттің білесің сонда жайын» - деп келетін шумағы құдды бір бизнес әлемінің құпиясын ашып тұрғандай.

Кеш соңында мұнайшылар мейманға көкейлеріндегі сауалдарын қойып, пікір алмасты. Өз кезегінде Омар Жәлелұлы да мұнайшыларды Тәуелсіздік күнімен құттықтап, мұнай-газ саласының дамуына үлес қосып жүрген «қара алтын» игерушілердің еңбегіне табыс тіледі.

Мерейі үстем мереке

Тәуелсіздік күні – барша қазақстандықтардың тәу етер ұлық мерекесі.

Биыл Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы елімізде ерекше екпінмен аталып өтуде. «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы үшін де мерейі үстем мереке жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Ел мерейтойы қарсаңында компанияға қарасты «Қаламқасқасмұнайгаз» және «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында мерекелік шара ұйымдастырылып, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде ел қазынасын арттыруда аянбай еңбек етіп жүрген мұнайшылар марапатталды.



«Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы құрметіне орайластырылған салтанатты шаралар тізбегі «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасынан бастау алды. Мерекелік шара Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылып, Маңғыстау ауданының әкімі Тілек Көшмағамбетов ұлық мерекемен құттықтап, мұнайшыларға табанды еңбегі үшін алғыс айтып, алғыс хаттар табыстады. Салтанатты шарада «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Дәулетжан Хасанов, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ

басшысы Нұрпейіс Сәрсенбай, кәсіподақ ұйымы және сервистік мекеме басшылары ізгі тілектерін білдірді.

«Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде еліміз үлкен жетістіктерге жетті. Экономикамыз тұрақтап, өркендеу жолына түсті. Мұның барлығы – осы тәуелсіздігіміздің арқасында жеткен жетістіктер. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде елімізде өндірістің өнімді болмағаны белгілі. Ал бүгінде мұнай саласының өндіріс көлемі бірнеше есеге артты. Ел экономикасының дамуына «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның қосып отырғаны үлесі зор. Бұл –

сіздердің еңбектеріңіздің жемісі. Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын», - деді бас директор Дәулетжан Хасанов.

«Тәуелсіздік жылдары өлкеміздің өзінде бірталай игілікті істер атқарылды. Ұлтымыздың мақтанышы Әбіш Кекілбайұлы ағамыз айтқандай, бағалай білмесек бақ қонбайды, қуана білмесек құт қонбайды. Сондықтан Алла Тағала берген осы ризық-несібені, тәуелсіздіктің қадірін бағалай білуіміз керек. Еліміз толағай табыстарға осы егемендіктің арқасында жетті. Әбіш ағамыз

Алтынғали Көккөзов –
«Жетібаймұнайгаз» ӨБ, пайдалану жабдығын прокаттау-жөндеу цехының 4-дәрежелі слесарь-жөндеушісі
- Өтіп бар жатқан 2021 жыл – Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен ерекшеленеді. 1983 жылдан бері еңбек етіп жүрген жетібайлық мұнайшы ретінде көңіліміз бір марқайып, Жетібай мұнайының 60 жылдығын қоса тойладық. Мен еңбек ететін «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы өлкенің ғана емес, қазақ елінің мұнай өндірісі тарихының басында тұрған тарихи ұжым! Әріптестерімді келе жатқан Жаңа-жыл мерекесімен құттықтаймын! Мақсаттарыңызға жетіңіздер, сіздерге жаңа кәсіби жетістіктер мен жеңістер, барлық бастауларыңызға сәттілік тілеймін!

БАР ҚАЗАҚТЫҢ...



тағы бір сөзінде «тәубемізден жаңылмасақ, тәуекелімізден тайынбасақ, Тәуелсіздігіміздің тасы өрге домалары анық» деген екен. Алла Тағала тәубемізден айырмасын, қиын істерде тәуекелден айырмасын», - деп тілек білдірді «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ басшысы Нұрпейіс Сәрсенбай. Құттықтау тілектерінен кейін жыл бойы үздік еңбек үлгісін көрсеткен майталман мұнайшылар марапатталып, құрмет-қошөметке бөленді.

— «Қаламқас» кен орнында еңбек етіп келе жатқаныма жиырма бес жылға жуықтады. Бүгінгі өндірістің аяқ алысы, бет-бейнесі мүлде өзгерген. Жаңа технологиялар жұмыс үдерісіне үлкен серпін берді. Мұнайшылардың әлеуметтік жағдайы жақсарды. Маған берілген «Құрмет грамотасы» тек өзіме емес, ұжымыма берілген баға, марапат деп білемін. Тәуелсіздігіміз мәңгілік, ел мерейі үстем болғай», - дейді мерекеде мерейі артқан мұнайшы Ералы Нұржанов.



Мерекелік шарада тәуелсіздік мерекесіне орай ұйымдастырылған шағын футбол, волейбол, үстел теннисі, қол күресі сынды спорт түрлерінен өткен жарыс жеңімпаздарына арнайы кубок, медальдер табысталып, қаржылай сыйақылар берілді. Салтанатты шара мұнайшы өнерпаздар мен елімізге белгілі әншілердің концертіне ұласты.

Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік шара «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында жалғасты. Маңғыстау мұнайының 60 жылдығына тұспа-тұс келген Тәуелсіздіктің 30 жылдығы жетібай мұнайшылары ортасында өз сән-салтанатымен өтті. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Дәулетжан Хасанов, Қарақия ауданының әкімі Қыдырберді Беков мұнайшыларды мерекемен құттықтап, қазыналы түбектің ырысын еселеуде еңбегі сіңген бірқатар мұнайшыларды марапатталды. Мерекеге

қарқынды қадам, толағай табыспен жеткен «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының басшысы Қалмырза Бүркітов «Қарақия ауданының құрметті азаматы» марапатына ие болды. Спорт түрлерінен өткен турнир жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне медальдармен және қаржылай сыйақы табысталды.

Тәуелсіздік күнін ұлықтаған салтанатты шара «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде өтті. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған жиын Нұр-Сұлтан, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда облысы мен Шымкент қалаларындағы мекемелерде тікелей байланыс арқылы ұйымдастырылды.



бірлестігінің төрағасы Мәди Кентанов мерекелік тілектерін айтып, бірқатар мұнайшыларды марапаттады.

«Тәуелсіздік — бар жетістіктердің қайнар бұлағы. Ынтымақпен, татулықпен бейбіт өмір сүріп отырған халқымыз толағай табыстарға жетті. Бұл жетістіктердің барлығы Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының, оны жалғастырып отырған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саясатының арқасында келді. Тәуелсіздік кезеңіне мұнай саласында 1 млрд 500 миллион тоннадан аса мұнай өндірілді. 1991 жылы мұнай өндірудің жылдық көлемі 26 млн тонна болса, 2018 жылы 90 млн тоннаға жетіп, үш есеге дейін арта түсті. Оның ішінде Маңғыстау мұнайының қара шаңырағы «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ үлесі орасан зор. Осы жылдары біздің компания 170 млн тонна мұнай өндіріп, ел игілігіне берді. Мемлекет қазынасына

Несіпхан Жұмағазиева —

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ іс жүргізуші

- Сиыр жылы отбасым үшін жаман болған жоқ. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырып ата-аналық парызымыз орындалған жыл болды. Әлемді жайлаған індеттің алдын алатын екпелер де ел іргесіне кіріп, есімізді жиып келеміз. Барыс жылы қарсаңында барлық әріптестерімді құттықтай отырып, алдағы жыл жаңа белестерді бағындыратын жеңістері көп берекелі жыл болуына тілектеспін! Жаңа-жылда табыстан-табысқа жете берейік!



Жиында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Алик Айдарбаев құттықтау тілегін айтып, ел экономикасының қарыштап дамуына сүбелі үлес қосып отырған мұнай-газ компанияларының қызметін ерекше атап өтті. Жиында бірқатар компания қызметкерлері Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының Құрмет грамоталарымен марапатталды. Тікелей эфирде өткен марапаттау рәсімінен кейін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Дәулетжан Хасанов, бас директордың бірінші орынбасары Чэнь Цзунсян және компания қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы қоғамдық

жыл сайын 200 млрд теңге қаржы құйып, өңіріміздің экономикалық дамуына, жаңа әлеуметтік жобалардың жүзеге асуына айрықша атсалысып келеді. Соңғы жылдары жананды жайлаған індет экономикамызға кері әсерін тигізгені белгілі. Алдағы жылы өндірістің әлеуетін қалпына келтіріп, қайтадан 6 млн 130 мың тонна мұнай өндіруді мақсат етеміз», - деді Д.Хасанов.

Мерекеде мерейі артқан «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасының мұнайшысы Қонақбай Күзекенов осы салада 36 жылдай еңбек еткен. Ол осы жылдар ішінде еткен еңбегінің еленіп, жоғары марапат алғанына ризашылық білдірді. «1985 жылдан бері «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында жұмыс істеймін. Жыл он екі ай, талмай, тынбай еңбек етіп жүрген мұнайшылардың еңбектері шексіз. Қазақстан Президентінің «Ерен еңбегі» үшін медалімен марапатталдым. Еңбегімізді елеп, абыройымызды асқақтатып жатқан басқарма басшылығына мың алғыс», - деді Қ.Күзекенов. Салтанатты шара соңында әннен маржан, жырдан шашу шашылып, мұнайшылар құрмет-қошөметке бөленді.

Жайық НАҒЫМАШ





ҮЗДІКТЕРДІҢ ҮЗДІГІ – ҰЖЫМ МАҚТАНЫШЫ

«Қаламқасмұнайгаз» және «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармаларында 2021 жылдың қорытындысы бойынша «Жылдың үздік жұмысшылары» анықталды. Олардың барлығы жыл бойы жанқиярлықпен еңбек етіп, жоғары жұмыс сапасын көрсеткен, күрделі мәселелерді шешуге белсене араласып, әрқашан көмекке келуге дайын тұратын әртүрлі мамандықтар мен кәсіп иелері.

Назарларыңызда 2021 жылдың қорытындысы бойынша марапатталған екі өндірістік басқарманың үздік қызметкерлері! Олардың әрқайсысына Құрмет грамотасы мен шағын материалдық ынталандыру табыс етілді, бірақ мұнайшылар үшін басты марапат - еңбек ұжымы тарапынан лайықты құрметке ие болу!

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ



Үздік мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы

Бердигожа Чукинов
№4 МГӨЦ 3-ші дәрежелі операторы

Үздік газ жинау операторы

Максат Зоранов
ГӨДЦ 4-дәрежелі газ жинау операторы

Үздік қабат қысымын ұстау жөніндегі операторы

Аманкелді Иманғали
ҚҚҰЦ 4-дәрежелі қабат қысымын ұстау операторы

Үздік ұңғымаларды зерттеу жөніндегі операторы

Рамазан Карайшиков
ТСДЦ 4-дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы

Үздік ылғалсыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының операторы

Асилбек Кудабаяв
КМАӨЦ 4-дәрежелі ылғалсыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының операторы

Үздік тауар операторы

Рза Кульжанов
КМАӨЦ 4-дәрежелі тауар операторы

Үздік жылу қазандығының операторы

Руслан Конысов
СЖҚКЦ 3-дәрежелі жылыту қазанының операторы

Үздік машинист

Жумалы Сүлейменов
ГӨДЦ 4-дәрежелі технологиялық компрессорлар машинисі

Үздік лаборант

Гульзия Абатова
ҒЗӨЖЦ 4-дәрежелі химиялық талдау лаборанты

Үздік ұңғымалардың өнімділігін өлшеушісі

Нурлан Айджанов
ҒЗӨЖЦ 3-дәрежелі ұңғымалар өнімділігін өлшеушісі

Үздік жөндеуші-слесарь

Сармерген Калиев
№1 МГӨЦ 5-ші дәрежелі жөндеуші-слесарі

Үздік тоқпен газбен дәнекерлеуші

Аскар Дыбысов
№3 МГӨЦ 4-ші дәрежелі электргазбен дәнекерлеушісі

Үздік токарь

Жолдасбай Шапагатов
ПЖПЖЦ 5-ші дәрежелі токарі

Үздік стропалшы

Мейрамбек Царипов
ПЖПЖЦ экология учаскесі 3-дәрежелі стропалшысы

Үздік мұнай тазалаушы

Кенжебек Байзуллин
ПЖПЖЦ экология учаскесінің 3-дәрежелі мұнайтазалаушысы

Үздік дефектоскопист

Алмас Тянов
МКЖӨҚКЦ 5-дәрежелі дефектоскописті

Үздік мастер

Талғат Сейілхан
КМАӨЦ алдын ала су ағызу қондырғысының мастері

Үздік инженер

Бекзат Омаров
№2 МГӨЦ 1 санатты инженері

Үздік механик

Колганат Камаев
ГӨДЦ механигі

Үздік геолог

Казыбек Айдарбаев
№4 МГӨЦ бастығының орынбасары

Үздік жүргізуші

Атагозы Тулесинов
КА Қаламқас учаскесі автокөлік тізбегінің 6-дәрежелі машинисі



«Жетібаймұнайгаз» ӨБ

Үздік мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы

Хадиша Нурашева
№1 МГӨЦ 4-дәрежелі операторы

Үздік газ жинау операторы

Оразбибі Оразғалиева
ГДТГШПЦ газ жинау жөніндегі 3-дәрежелі операторы

Үздік қабат қысымын ұстау жөніндегі операторы

Аманкелді Жақып
ҚҚҰЦ 4-дәрежелі қабат қысымын ұстау операторы

Үздік ұңғымаларды зерттеу жөніндегі операторы

Егеубай Түлегенов
ҒЗӨЖЦ ТЗЛ 5-дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы

Үздік ылғалсыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының операторы

Миллат Рскалиева
МАӨЦ 3-дәрежелі операторы

Үздік тауар операторы

Нуржан Айкешов
МАӨЦ 3-дәрежелі тауар операторы

Технологиялық қондырғылардың үздік операторы

Турганбай Тойгулыев
№2 МГӨЦ 3-дәрежелі технологиялық қондырғылар операторы

Үздік машинист

Бактыгүл Нұрбердиева
ҚҚҰЦ 4-дәрежелі машинисі

Үздік лаборант

Нуржамал Джайлиханова
ҒЗӨЖЦ ФХТЛ 3-дәрежелі химиялық талдау лаборанты

Үздік ұңғымалардың өнімділігін өлшеушісі

Узим Досмугамедова
ҒЗӨЖЦ ӨЗЛ 3-дәрежелі ұңғыманың өнімділігін өлшеушісі

Үздік жөндеуші-слесарь

Айдарбек Кодранов
БТСС МКЖӨҚКЦ 6-дәрежелі жөндеуші-слесарі

Үздік тоқпен газбен дәнекерлеуші

Куаныш Нуркуатов
№1 МГӨЦ 5-дәрежелі электргазбен дәнекерлеушісі



Үздік токарь

Махамбет Баймагамбетов
ПЖПЖЦ механикалық учаскесінің 5-дәрежелі токарі

Үздік стропалшы

Сырым Қарабалаев
ПЖПЖЦ 3-дәрежелі стропалшысы

Үздік мұнай тазалаушы

Толибек Кашкинов
МАТЖТУ 1-дәрежелі мұнай тазалаушысы

Үздік дефектоскопист

Хамит Абдығалиев
БТСС МКЖӨҚКЦ 5-дәрежелі дефектоскописті

Үздік мастер

Куангали Крымкулов
ҚҚҰЦ мастері

Үздік инженер

Айтбай Бектурганов
№3 мұнай және газ өндіру цехінің 2-санатты мұнай және газ өндіру инженері

Үздік механик

Бердубек Кузембаев
МАӨЦ аға механигі

Үздік геолог

Бауыржан Исатаев
ҚҚҰабат қысымын ұстау цехінің бастығының орынбасары

Үздік жүргізуші

Серикбай Игильманов
Көлік департаментінің 4-дәрежелі автокөлік жүргізушісі

Еңбек адамы



ЕҢБЕК – ЫРЫС БҰЛАҒЫ

Жылдың төрт мезгілінде де мігірсіз қызметпен көрінетін өндірісті ортаның өзіндік ерекшеліктерін кенорындарынан анық аңғаруға болады. Қыстың аязында, жаздың аптабында тынбай, өздерін өндірістегі осынау жұмыста шыңдай білген мұнайшылардың арасында бүгінгі кейіпкеріміздің бары еш шүбәсіз.



Жұмабек Тілегенов «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасындағы мұнай дайындау және өткізу цехында компрессор қондырғыларының машинисі болып 1991 жылдан бері еңбек етіп келеді. 1970 жылы 18 қыркүйекте Маңғыстау ауданы, Таушық ауылындағы мұнайшылар отбасында дүниеге келген ол, әке жолын жалғаған білікті маман, тәжірибелі

қызметкер. Мамандығының қыр-сырына бойлап, өз ісін ұршықша иіріп жүрген ағамыз Қаламқасқа алғашында оператор болып келген. 1988 жылы СПТУ-ды бітірісімен Бакуде әскери борышын өтейді. Отан алдындағы міндетін өтеп келген жас маман бала арманын жүзеге асырып, Қаламқаста алғаш еңбек жолын бастайды. Қазірде 5-разрядты меңгерген.



– Өндіріс қазанында бірге қайнаған үзеңгілестеріммен әріптес болғаным еш өкінбеймін. Еңбегіміз өнімді, тұрмысымыз көңілді дегендей, ел қатарлы жүріп жатырмыз. Бригадамызда 60 адам бар, Бригадир Алтай Алсиқов, Өркенбай Әлібаев басшылығымен әркім өз міндетін тыңғылықты, ойдағыдай атқаруға күш салуда. Жабдықтардың ақаусыз, кідіріссіз жұмыс істеуі ортақ табысқа жол ашады, – дейді Жұмабек Тілегенов.

Байламы мықты, қимылы ширақ майталман маманның еңбек етіп жүргеніне биыл бақандай 30 жыл. Осы уақыт аралығында ағамызға бірде бір рет шағым болмапты. Өндірістік жауап-кершілікке сақадай сай ол өз қызметінде ешбір ақаулыққа жол бермеген. Өзгелерге өнеге және үлгі

болып келетін осындай еңбек адамының шаңырағында бес қыз бір ұл желкілдеп өсіп келеді.

- Қай саланың болмасын өзіндік қиындықтарымен қатар артықшылықтары болады. Жер астындағы байлықты ел игілігіне жарату жолында үлес қосып жүргеніме іштей қуанамын. Бейбіт елде, татулық-бірлікте тірлік жасап, келер ұрпаққа үлгі-өнеге қалатын адал еңбек етсек деймін! Келер жыл жақсылығымен келсін, әріптестер! – деп, жаңажылдық ақжарма тілегімен аяқтады сөзін еңбек адамы.

Л.Жолдыбаева

ПРОФЕССИЯ - МАРКШЕЙДЕР

Все профессии важны! Среди тысяч работников АО «Мангистаумұнайгаз» есть специалисты, профессии которых, не всегда хорошо известны, и, кажется немного рутинны. Но все это только, кажется, потому что работа маркшейдера, - а речь идет именно о них – очень важна и крайне ответственна! Ведь не зря же маркшейдеров называют штурманами гор: работа этих специалистов требует ювелирной точности и математического расчета.



Сегодня маркшейдерская служба занимает особое место в системе АО «Мангистаумұнайгаз»: в пределах своей компетенции маркшейдеры обеспечивают эффективное и безопасное ведение работ на объектах недропользования – при эксплуатации месторождений ПУ «Каламқас-мұнайгаз» и ПУ «Жетыбаймұнайгаз» и малых спутниковых месторождений Жетыбайской группы Общества. Согласно «Основных правил по маркшейдерскому делу и маркшейдерскому контролю», деятельность маркшейдера сводится к освоению горных отводов предоставленных министерством и правительством РК (выноске границ в натуру), составлению планов, съемке на поверхности, нивелировке, триангуляции и т.д.

На месторождениях АО «Мангистаумұнайгаз» маркшейдерская служба ведет техническую работу: развитие геодезических сетей, сгущение съемочных геодезических сетей, топографические и маркшейдерские съемки в пределах контрактных территорий, регулярное пополнение графической документации, перенесение в натуру проектных скважин, зданий и сооружений, контроль бурения наклонных скважин. Кроме того, маркшейдеры совместно со специалистами ДКС осуществляют выбор на местности площадок и трасс для строительства промышленных объектов и инженерных коммуникаций, выполняемых собственными силами, оказывают содействие в своевременной и качественной разработке заданий соответствующим

подразделениям Общества. В целях обеспечения маркшейдерского контроля при выполнении маркшейдерских работ неукоснительно соблюдаются правила по технике безопасности на топографических и геодезических работах. Маркшейдеры осуществляют мониторинг работ по строительству и реконструкции нефтепромысловых объектов и вправе приостановить работы, если их проведение может повлечь за собой порчу месторождений и возникновение других аварийных ситуаций.



Сегодня маркшейдерская служба – это небольшой, но сплоченный коллектив, каждый сотрудник которого прекрасно справляется со своими трудовыми обязанностями. Одним из тех, кто отдал много лет своей жизни во благо развития и процветания службы является заместитель руководителя маркшейдерской службы Владимир Прихненко. После окончания Целиноградского сельско-хозяйственного института (специальность – «землеустроитель»), Владимир Алексеевич по направлению попал в маркшейдерскую службу АО «Мангистаумұнайгаз» где и проработал более 36 лет! С 1 января 2022 года Владимир Прихненко отправляется на заслуженный отдых. Он воспитал достойную смену, передав свой богатейший опыт и знания молодому поколению.

Мы от всей души желаем Владимиру Алексеевичу крепкого здоровья, неутомимости духа и семейного благополучия, а коллективу Маркшейдерской службы желаем дальнейших успехов в работе и новых интересных и перспективных проектов!

Элима Төлөндиева –

«Жетібаймұнайгаз»
ӨБ, №2 мұнай және газ өндіру цехының
4-дәрежелі операторы

- Міне, тағы бір жыл тарих қойнауына еніп барады. Әдетте, ескі жыл несімен ерекшеленгенін ойға түйіп жатамыз. Өз басым 2021 жыл отбасыма келін түскен бақытты жыл болды. Қырық жылдан астам наным жеп, жаңұямдай болып кеткен ұжымымнан келесі жылы зейнеткерлікке шығамын деген үміт бар. Мұнайшыларға барлық жағдай жасап қойған Компания басшыларына алғысым шексіз! Қанағат етемін! Ылайым, елімізде тыныштық, халық арасында татулық пен ауызбірлік бола бергей! Ескі жыл-есіркесін, жаңа жыл барша мызды жарылқасын әріптестер!



Жаңа жыл құтты болсын!



Құрметті әріптестер, жаңа 2022 жыл баршамызға құтты болсын!

Келер жыл - компаниямыздың барлық бастамасына жол ашып, мол табысқа кенелтіп, қоржынымызды жетістікке толтырар жыл болсын! Маңғыстаумұнайгаз ұжымын Нұр-Сұлтан қаласы өкілдігі ізгі тілекпен құттықтайды.

Әрбіріңіздің жанұяңызға амандық, саулық, бақ-береке, қуаныш пен шаттыққа толы ұзақ ғұмыр тілейміз! Жер бетіне дендеген пандемияның қалада екпіндеп таралғанына қарамастан, санитарлық талаптарды сақтау арқылы өкілдік өз қызметін 2021 жылы жақсы атқарды. Ендігі жерде еліміз дерт пен қиындық атаулыдан арылып, аспанымыз ашық болып, тірлігіміз бейбіт, шуақты күндерге ұлассын!

Тағы бір айтарымыз, өткен жылы өкілдік Елорда төріндегі жаңа зәулім кеңсеге көшіп, ҚазМұнайГазбен қызметтік байланыс жасау қолайлы бола түсті. Жаңа 2022 жылда да жағымды жаңалықтар көбейіп, қолға алған әрбір игі ісіміз телегей табыс әкеліп, ҚР Үкіметінің компанияға деген сенімін ақтай беруімізді нәсіп етсін!

Нұр-Сұлтан қаласындағы кеңсе атынан осы компанияның қызметкері ретінде Елордамыздағы басқа да мекемелермен ынтымақтастықты арттырып, өз міндетімді жоғары деңгейде атқаруға дайын екендігімді жеткіземін! Алдағы жылдары қара алтын көрсеткіші жоғарылап, болашаққа деген сеніміміз нық болғай! Әрбіріміздің мерейіміз үстем, беделіміз биік, абыройымыздың асқақ болуына тілектеспін!

Құрметпен,
Гүлмира Иманқұл, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Нұр-Сұлтан қаласы өкілдігі



Тілеген Шотанов –

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №2 мұнай және газ өндіру - цехының 5-дәрежелі слесарь-жөндеушісі

- Құрметті әріптестер! Жаңа жыл зор жетістіктерге қол жететін, ой-мақсаттар жүзеге асатын, арман-үміттер ақталатын жыл болсын! Ел іші аман, тыныштық болсын! Компаниямыздың ырысы арта берсін!

Ұжымыммен мақтанамын, осындай ірі кәсіпорында жүргенімнің арқасында биыл зейнетақымнан артылған қаражатпен ұзақ жылға алған ипотекамды жаптым. Мемлекетіміздің халық игілігіне арналған бағдарламалары көбейе берсін!

Уважаемые коллеги!

Хочу от своего имени поздравить вас с самым желанным праздником с наступающим Новым 2022 годом. Он должен принести нам новые цели, задачи и перспективы. Наша компания - АО «Мангистаумұнайгаз» для нас — самый надежный союзник. Пусть плохие моменты останутся в прошлом, а новый период станет легким и радостным. Пусть будущий год принесет прибыль и успех в нашу деятельность, чтобы процветала наша компания, росла добыча нефти.

2022 год станет большим перспективным проектом. Мы вместе преодолели трудности уходящего 2021 года, пусть старый год заберет все переживания, беды прошлого года обойдут стороной, а Новый откроет радужные перспективы и солнечных теплых дней будет много. Желаю здоровья, процветания и развития!

Нас всех ждут новые планы и горизонты. Давайте своим хорошим настроением привлечем удачу на нашу сторону.

Пусть отношения наши крепнут, а творческие проекты приносят большой доход и результаты, в 2022 году работа принесет нам радость и хорошие дивиденды.

Коллеги ... С Новым годом Вас...!!!



Славина Татьяна Павловна
Специалист (МТС) производственной группы СМТС ДЗИМТС

Сәкен Саметдинұлы –

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ, №1 мұнай және газ өндіру цехының 4-дәрежелі операторы

- Жаңа жыл - жаңа бастамалар мен ізденістерге қадам жасайтын ерекше мереке. Өтіп бара жатқан жыл маған ерекше қуаныш сыйлады. Мұнай-газ мамандықтары бойынша бақ сынасқан «Үздік маман-2021» байқауынан жеңіп шығып, намысты қолдан бермедім. Мен ұжымымның абыройын асқақтатқаныма өте қуаныштымын. 2019 жылы да үздік атанып едім. Басшылық құрамның жастарды қолдауы да бұған себепкер болғанын ерекше атап өткім келеді.

Жаңа жыл отбасыларыңызға жылдың жақсылығын әкелсін! Әрқайсыңызға бақ – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа – бақыт пен шаттық тілеймін. Жаңа Жыл құтты болсын, қымбатты әріптестер!



Обучение

ПОДГОТОВКА ВНУТРЕННИХ АУДИТОРОВ

Как известно, в АО «Мангистаумұнайгаз» внедрена интегрированная система менеджмента (ИСМ) в области качества (ISO 9001), экологического менеджмента (ISO 14001), охраны труда и здоровья (ISO 45001), что подтверждается ежегодным внешним сертификационным аудитом.

Одним из основных требований ИСО является проведение внутренних аудитов систем менеджмента, а также обеспечение контроля за управлением работ/услугами, предоставляемыми подрядными организациями.

Для подготовки компетентных аудиторов, обладающих соответствующими знаниями и навыками проведения внутренних аудитов, из числа работников Департамента перспективного развития и



управления рисками и Департамента техники безопасности, охраны труда и охраны окружающей среды были отобраны специалисты и направлены на обучение по курсу «Внутренний аудит системы менеджмента качества на предприятии».

Целью обучения являлось формирование группы компетентных, обученных внутренних аудиторов, которые будут осуществлять периодическую проверку работоспособности ИСМ и проводить оценку ее соответствия требованиям международных стандартов ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001 и внутренним процедурам Общества.

«Обучение мне понравилось тем, что получены не только теоретические знания, но и сразу теория закреплялась практическими занятиями, а также были даны конкретные ответы на вопросы. Для себя я выяснила, что по ISO 14001 внутренний аудит проводится с целью выявления причин несоответствий для улучшения экологической обстановки составлением плана корректирующих действий, при проведении внутреннего аудита полностью должны отсутствовать давление на персонал, наказание, то есть работники должны понять, что проводится такой аудит для

совместного действия по улучшению деятельности Общества и не должны скрывать ничего, полностью довериться аудиторам, так как целью внутреннего аудита является улучшение обстановки в Обществе в целом – качество, охрана окружающей среды, безопасность жизни и здоровья работников», - отметила инженер 1 категории ООСипГ Карабатырова Г.М.

«В системе менеджмента качества внутренний аудитор играет одну из ключевых ролей. Для того, чтобы оценка системы была объективной, а результаты внутреннего аудита приносили пользу, внутренний аудитор должен быть компетентным и хорошо подготовленным по многим вопросам работы. Данным обучением мы закрепили имеющиеся знания и приобрели практические навыки проведения внутренних аудитов», - поделилась инженер по качеству Утеуова А.К.

По итогам обучения и после сдачи экзаменов, специалистам АО «Мангистаумұнайгаз» были выданы сертификаты международного образца и присвоен статус внутренних аудиторов.

Таким образом, начиная с 2022 года, АО «Мангистаумұнайгаз» приступит к осуществлению аудита основных подрядных организаций в разрезе деятельности курирующих их структурных подразделений (примечание: инициаторов договоров) в целях обеспечения контроля их деятельности и функционирования ИСМ на нашем предприятии.



Жаңа жыл жарылқасын!



Құрметті әріптестер!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұрыннан қалыптасқан жақсы дәстүр бойынша ескі жылды шығарып салып, жүріп өткен жолымызға баға береміз, болашаққа жоспар жасаймыз.

2021 жылы көптеген маңызды оқиғалардың куәсі болдық. Өлке экономикасының локомотиві болып отырған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «ӨзенМұнайГаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «OSC» ЖШС сынды кәсіпорындардың жоспарларының уақытылы орындалуына атсалыстық. Соның арқасында арамыздағы көп жылғы ынтымақтастық, достық, іскерлік қарым-қатынасымыз жалғасын тауып, жақсы көрсеткіштерге қол жеткіздік.

Жаңа жылға да артқан үмітіміз зор! Компаниямыздың әлеуетін ұтымды пайдаланып, болашаққа деген сеніммен ортақ мақсаттарымызды жүзеге асыру үшін батыл жоспарлар құрамыз. Қаламқас, Жетібай, Өзен, Қаражанбас кен орындарында ұңғымаларды жайластыру, күрделі құрылыс және күрделі жөндеу секілді әдеттегі жұмыстарды жаңғыртумен қатар тағы басқа жаңа қызметтерді жүзеге асыруды бағдарлап отырмыз.

Барша еншілес ұжымдар қызметкерлеріне бірлік пен береке, оң өзгеріс, мол табыс тілеймін! Ел қуатын арттыру ісінде сәттілік серік болсын. Әр шаңырақта мықты денсаулық, амандық, молшылық болғай!

Ізгі тілекпен,

Маңғыстау облыстық мәслихат депутаты
«Oil Construction Company» ЖШС
Бас директоры А. Сапаров



Құрметті облыс жұртшылығы және «Маңғыстауэнергомұнай» ұжымы!

Жаңа 2022 жыл баршаңызға құтты болсын! Көкте көк байрақты желбіретіп, ынтымақты ұран, татулықты ту етіп, тұрақты серпінді даму бағытында келе жатқан «Маңғыстауэнергомұнай» ұжымының 2021 жыл соңында қол жеткізген жетістіктері аз емес. Кәсіпорынның елеулі көрсеткіштері арқасында жыл ішінде орташа есеппен 650 млн кВт/сағ. электр энергиясын Қаламқас және Жетібай кенорындарының электр қондырғыларына таратты. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құрамындағы жоғарғы санаттағы арнайы мамандандырылған компания мүшелері биылғы жылды да травматизмсіз аяқтап, ЭСО бағыты бойынша Маңғыстау облысы аумағындағы абонементтік тұтынушыларға 370 млн кВт/сағ. электр энергиясын жеткізіп, қызмет көрсетті.

26 жылдық кәсіби өтілі бар, Қазақстан Республикасы энергетиктер қауымдастығының мүшесі «МЭМ» Серіктестігі осы жылда да тұрақты тапсырыс берушілердің өндірістік міндеттемелерін сапалы түрде әрі мерзімінде аяқтады. Әрине бұл жоғары табысты көрсеткіштерге жету - болашаққа нық сеніммен қадам басқан, ынтымағы жарасқан ұжымдастардың ерен еңбегінің арқасы. Осы орайда, серіктестік ұжымының барлық қызметкерлеріне табысты да адал еңбектері үшін алғысымды айтамын.

Жаңа жылдың нұрға толы ғажайыптары әрбіріңіздің шаңырақтарыңызға амандық пен құт - береке әкелсін! Ел игілігі жолындағы еңбектеріңізге сәттілік серік болып, жаңа бастамаларыңыз жүзеге ассын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, болашағымыз жарқын болсын!

Ізгі тілекпен, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бас директоры
Косбаев Н.Р.



Құрметті серіктестер!

Баршаңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Биыл біз «Мұнайтелеком» ЖШС 55 жылдығын атап өттік. Киелі Маңғыстаудағы мұнайгаз кенорындарына 1966 жылдан бері коммуникация және желі байланысы қызметтерін көрсетумен айналысып, мұнай сервистік қызмет көрсету нарығында қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорындардың біріміз.

Соңғы үш жылда ұжымның ұйымшылдығы мен еңбекқорлығының арқасында ауыз толтырып айтуға тұрарлық біраз шаруа тындырдық. Жаңа технологиялар мен қызмет түрлерін игердік. Мәселен, 2019 жылы төменвольтті жиынтықты құрылғылар бар автоматика шкафтарын дайындау, ұңғымалардың супервайзингі үшін қажетті деректерді беру қызметтерін іске қостық. 2020 жылы ұшқышсыз ұшу аппаратының көмегімен кенорындарын бақылау қызметтерін жүзеге асырдық. Ақтау, Жаңаөзен қалаларында жаңа жұмыс орындарын құрып, жас мамандарды тұрақты жұмысқа тарттық. Оған қоса, осы жылдар аралығында қызметкерлерімізге арналған спорт залын және мамандардың біліктілігін арттыруға бейімделген оқу орталығын аштық.

Келер жылға да кестелеген жоспарымыз көп. Еліміздің түкпір-түкпірінде орналасқан ірі мұнай-газ жобаларына қатысып, халықаралық талаптарға сай деңгейдегі қызметтерімізді ұсынғымыз келеді. Осы орайда, жаңа қызмет түрлерін кезең-кезеңімен іске қосып, қызметкерлеріміздің біліктілігін арттырып, жаңа технологияларды енгізуге жұмыстанып жатырмыз.

Құрметті әріптестер! Жаңа жыл - бұл жаңа күнтізбенің басы ғана емес, бұл жаңа үміттер, табыстар мен жеңістердің бастауы. Жаңа жылда жұмысымыз нәтижелі әрі тиімді болуын, баршамызға мол табыс әкелуін тілеймін!

Барлығыңызға молшылық, сенімділік және табандылық серік болсын! Алдағы жыл көптеген мүмкіндіктер мен идеяларды және ұмытылмас ерекше сәттер сыйласын!

Ізгі тілекпен,
«Мұнайтелеком» ЖШС
Бас директоры Е.М. Мұқанов



Жаңа жыл құтты болсын мұнайшылар!

Жылыстаған жылдармен жылжып жаңа 2022-жылдың келуіне де санаулы күндер қалды. Жаңа жыл – бәріміз асыға күтетін айрықша мереке. «Өткен жылға өкпе жоқ, жаңа жылдан үміт көп» дейді халқымыз.

Аттанғалы тұрған 2021 жылы халқымыз ғасыр-лар бойы аңсаған Тәуелсіздіктің 30 жылдық белесіне шықты. Бұл біздің тарихы тереңге тартқан халық екеніміздің айғағы.

«Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз және ол бәрінен қымбат! Біздің міндетіміз – кейінгі ұрпаққа кемел және қуатты Қазақстанды аманаттау», – деді Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев. Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болсын Қазақ елі!

Өтіп бара жатырған 2021 жыл жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды. Бұл біздің сөзіміз бен ісіміздің бір арнада тоғысқаны, ең бастысы бейбітшілік пен татулықтың арқасы деп білемін.

Құрметті мұнайшылар, қадірменді достар!

Сіздерді келе жатқан жаңа барыс жылымен құттықтаймын! Жаңа жыл – жаңа үміттер мен жоспарлар бастауы. Сіздерге жаңа жетістіктер мен кәсіби табыстар тілеймін. Бұл жыл жақсы өзгерістерге, қуанышты кездесулерге, бақытты оқиғаларға толы болсын. Жаңа жыл әрбір шаңыраққа бейбіт өмір, тыныштық және мол жақсылық әкелсін! Бүгінде барша әлем жұртшылығы күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқаны белгілі. Әлемді жайлаған ауыр індеттен еліміз аман шығып, алдымызда жарқын өмір жарқырасын дегім келеді.

Жаңа 2022 жыл құтты болсын!

«Oil Services Company» ЖШС Бас директоры Нұркен Таменов

Жаңа жылға жаңа мақсат!

XXI ғасырдың тағы бір табысты да түйткілді жылы артта қалып барады. Барша адамзат баласы ерекше көңілмен жаңа жылдан жақсылық күтіп, табысқа жетуге және келесі жылы амандықта жүздесуге асығады. Текті де қайсар барыс еншісіне берілген келер жыл қандай несібе тосарын алдағы уақыт көрсете жатар. Ал, біздің мақсатымыз биылғы жылды жақсы жаңалықтармен қорытындылап, келер жылды жаңа жоспарлармен, тың идеялармен қарсы алу. Келер жылдан үміттеріміз көп. Барысжылы айтулы жылдардың бірі болмақ.

2021 жыл біздің «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС үшін де табысты жыл болды. Өндірістік және қаржылық көрсеткіштер жоспарға сәйкес орындалды. Тапсырыс берушілермен ынтымақтастығымыз нығая түсті, әрі қарай да жандана береді деп үміттенеміз.

Жылдың елеулі оқиғалары қатарында – автотұрағымыздың жаңаруы тұр. Бір жыл ішінде су жаңа 12 автобус – 4 үлкен санатты «Hyundai Universe» автобустары мен «Toyota Coaster» маркалы автобустарының 8 бірлігі «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының

қаржылық қолдауымен сатып алынды. Келесі жылы тағы 10 автобус (8 дана сыйымдылығы үлкен «Hyundai Universe», 2 дана орташа «Toyota Coaster») сатып алуды жоспарлап отырмыз. Қазіргі таңда жаңа көліктер Маңғыстаудағы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына қарасты кәсіпорындарға вахталық және кәсіпшілік тасымалдау бойынша қызметтерді ойдағыдай атқарып келеді.

Жыл соңын қорытындылай келе мекемеміздің барлық қызметкерлеріне 2021 жылы атқарылған адал қызметі үшін алғыс айтамын. Жылдың табысты аяқталуы жұмыла жұмыс істегеніміздің, жауапкершілігіміз бен мақсатқа жету жолындағы табандылығымыздың арқасы деп білемін. Алдағы 2022 жыл осы ұстанымымызды одан әрі нығайтып, жаңа жеңістер мен жаңа мүмкіндіктерге жол ашсын. **Толассыз еңбектеріңіз әрдайым жемісті болғай!**

Келе жатырған 2022 жыл елімізге құт-береке әкелсін! Еңбектеріңізге мол табыс, отбасыңызға бақ пен қуаныш тілеймін. Келер жылы да жағымды жаңалықтар мен телегей табыстар серігіміз болсын! Барыс жылына ізгі үмітпен, жақсы ниетпен қадам басайық!

Ізгі ниетпен,
«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС бас директоры
Е.Е. Турниязов





СПОРТ ВЫСШИХ ДОСТИЖЕНИЙ

В акционерном обществе «Мангистаумұнайгаз» накануне 30-летия Независимости Республики Казахстан, были проведены спортивные соревнования, посвященные главному празднику страны. Нешуточные страсти кипели на спортивных площадках месторождений Каламкас и Жетыбай: практически каждая игра дарила зрителям и болельщикам напряженный сюжет и невероятную развязку! Как же мы соскучились по этим ярким эмоциям и незабываемым моментам!

ПУ «Каламкасмұнайгаз»

На месторождении Каламкас в турнире мини-футболу принимали участие 8 команд, которые были разбиты на две подгруппы: победители и сборные занявшие вторые места с своих групп, встречались между собой в перекрестных полуфиналах.

В первом полуфинале команда УПСВ уверенно обыграла коллег из ЦДНГ-4 со счетом 3:0, во втором полуфинале команда ЦДНГ-1 уступила сборной АУП со счетом 3:1.

Таким образом, в главном матче турнира встречались нефтяники УПСВ и АУП. После первого тайма со счетом 1:0 выигрывала команда АУП. Однако во второй половине встречи УПСВ сумел перевернуть ход игры, сначала сравняв счет, а затем и за две минуты до конца матча забив победный гол! УПСВ – чемпион!!!

Матч за третье место между командами ЦДНГ-4 и ЦДНГ-1 тоже выдался напряженным и драматичным. Основное время завершилось вничью 2:2 и победитель определялся в серии пенальти. В футбольной лотерее удачливее оказались работники ЦДНГ-4.

По итогам турнира по мини-футболу судейской коллегией были определены победители в различных номинациях:

- «Лучший нападающий» - оператор ЦДНГ-1 Абдікадір Аян;
- «Лучший защитник» - инженер ПТО Серікбаев Мақсат;
- «Лучший вратарь» - оператор ЦКППН Қазбаев Бақтығали.

В соревнованиях по волейболу первое место завоевала команда ЦППД, на вторую ступень пьедестала поднялась сборная ЦДНГ-4, замкнули призовую тройку работники ЦДНГ-2.

В индивидуальных номинациях по волейболу звания лучших удостоились:

- «Лучший нападающий» - слесарь-ремонтник ЦДНГ-4 Коштаев Кеншілік;
- «Лучший связующий» - оператор поддержания пластового давления ЦППД Ашыккалиев Айтбай;
- «Лучший либеро» - оператор ЦДНГ-2 Ахметов Айберік.



Победители турнира по настольному теннису среди мужчин:

- 1 место – инструктор-методист по спорту ДАСВ Тілегенов Сұлтангерей;
- 2 место – оператор ЦДНГ-2 Бекмуханов Ақберген;
- 3 место – фрезеровщик ПРЦЭО Олег Сизов.

Победители турнира по настольному теннису среди женщин:

- 1 место – заведующая хозяйством Баспаева Акмарал;
- 2 место – библиотекарь Тажиева Майрам;
- 3 место – делопроизводитель Туленова Жазира.

В турнире по армрестлингу призовая тройка расположилась следующим образом:

- 1 место – мастер ПРЦЭО Нурбаев Сисенбек;
- 2 место – газорезчик ПРЦЭО Умаров Канатжан;
- 3 место – слесарь-ремонтник ЦДПИТГ Есіркепов Қуаныш.

ПУ «Жетыбаймұнайгаз»

В соревнованиях по мини-футболу принимало участие 9 команд ПУ «Жетыбаймұнайгаз», победителем стала команда ЦДНГ-3, которая в финале обыграла коллег из



ПРЦЭО со счетом 1:0. Несмотря на минимальный счет, игра держала в напряжении до самых последних секунд, футболисты ПРЦЭО упустили несколько возможностей сравнять счет, но сражались достойно!

В матче за «бронзу» нефтяники ЦДНГ-1 оказались сильнее команды ЦППД, счет 4:1.

По итогам футбольного турнира были определены лучшие игроки:

- «Лучший нападающий» - оператор ЦДНГ-1 Жалғасбаев Мырзабек;
- «Лучший защитник» - машинист ЦППД Абилов Данияр;
- «Лучший вратарь» - начальник участка ПРЦЭО Маңғыбаев Дүйсен.

Стоит отметить, что и в волейбольном турнире чемпионом стала сборная ЦДНГ-3 стала чемпионом: в финале были повержены соперники из ЦДНГ-1. В матче за третье место волейболисты АУП со счетом 2:0 по партиям обыграли ЦДНГ-2.

Индивидуальными наградами в волейбольном турнире были отмечены:

- «Лучший нападающий» - оператор ЦДНГ-1 Мұратбаев Ержан;
- «Лучший связующий» - заместитель начальника ЦДНГ-3 Темірханов Серікбай;

- «Лучший либеро» - инженер по технике безопасности Мусина Гүлшара.

Победители турнира по настольному теннису среди мужчин:

- 1 место – слесарь механического участка ПРЦЭО Панакулов Асанғали;
- 2 место – начальник ЦДНГ-3 Көшербай Қазбек;
- 3 место – оператор ЦДНГ-1 Самедиңұлы Сәкен.

Победители турнира по настольному теннису среди женщин:

- 1 место – оператор ЭВМ Сабалакова Гүлнар;
- 2 место – дозиметрист Ермаганбетова Айгүл;
- 3 место – секретарь Шойтасова Гүлшат.

И наконец в турнире самых сильных борцов қазақша күрес лучшими были признаны:

- 1 место – слесарь ПРЦЭО Қуанышұлы Нұрболат;
- 2 место – электрогазосварщик ПРЦЭО Утесинов Нұрлан;
- 3 место – слесарь ЦДНГ-1 Қуанышбеков Есен.



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
 Редактор: Есназар Сұлтанов
 Редакция алқасы: - Ғ.Әбдісадық;
 - Л.Жолдыбаева;
 - Ж.Кемал.
 Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
 130000, Ақтау қаласы
 6 ш.а., № 1 үй,
 тел:
 212-035, 215-266
 211-885, 212-194
 Газет айына 1 рет
 шығады.
 Тегін таратылады

Газет ҚР
 Мәдениет және
 ақпарат
 министрлігінде
 есепке
 қойылып,
 № 9675 - Г
 куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы
 автор пікірі редакцияның
 көзқарасын білдірмейді
 ■ Редакция оқырман хаттарына
 жауап бермейді және оны
 қайтармайды
 ■ Жарияланған материалдарды
 сілтемесіз көшіріп басуға
 болмайды

Газет АҚ-ның
 жұртшылықпен
 байланыс тобы-
 ның компьюте-
 рінде теріліп,
 беттелді.
 Индексі: 64265

“ADVER” ЖШС
 баспаханасында
 басылды.
 Ақтау қаласы,
 3-Б ш/а, 55/1 ғим.
 тел: 8(7292)507000